**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы: «Алтын бесік» бөбекжайы**

**Топ: Кіші «Сәби» тобы**
**Балалардың жасы: 2 жастағы**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 23.01-27.01.2023ж**
**Тәрбиешілер: Букенесова.К.К., Калиева.У.**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі**<br>**23.01** | **Сейсенбі**<br>**24.01** | **Сәрсенбі**<br>**25.01** | **Бейсенбі**<br>**26.01** | **Жұма**<br>**27.01** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау**<br>**Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасап, смалик арқылы көңіл күйін көтеру. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап берудағдысын қалыптастыру **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)**<br>Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **№1 Д/О:** «Дұрыс, дұрыс емес»<br>**Мақсаты:** Құстарға деген қамқорлық сезімдерін ояту, оларды күтіп баптауға тәрбиелеу. (**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-2)** | **№4 Д/О:** «Нан қалай жасалады?»<br>**Мақсаты**: балаларға нанның жасалу жолын түсіндіру. Нан жасауға қатысатын адамдар еңбегін бағалау, қадірлеуге тәрбиелеу. Нанды құрметтеуге үйрету. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2)** | **№2 Д/О:** "Қай аспап жоқ?"<br>**Мақсаты**: Балалардың зейіннің дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту **(Шығармашылық дағдыларын дамыту-2)** | **№3 Д/О:** «Бұлар нелер? Бір сөзбен ата»<br>**Мақсаты**: Әрбір карточкада бейнеленген суреттерді, ортақ сөзбен атауға үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2)** | **№3 Қ/О**: **Түлкі мен балапандар**<br>**Мақсаты:** Шапшаңдық пен мұқияттылыққа тәрбиелеу **(Физикалық дағдыларын дамыту-2)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Таңертеңгілік гимнастика кешені №18<br>**(Физикалық дағдыларын дамыту)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасату<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгігпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету).**<br>Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған** | **№ 2 Д/О:** Не, қалай қоректенеді»<br>**Мақсаты:** Жануарлардың қоректену | **№ 3 Д/О:** Қай зат кімдікі?"<br>**Мақсаты**: сөздік қорларын молайту. | **№ 4 Д/О:** "Бөліктерді құрастыр"<br>**Мақсаты**: Бөлшектерден сюжетті сурет құрастыруға | **№5 Д/О:** «Артық зат»<br>**Мақсаты**: ойлау қабілеттерін, қол | **№6 Д/О:** Біреу және көп»<br>**Мақсаты**: «Біреу және көп» ұғымын ажырата |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекет** | ерешеліктері туралы түсініктерін молайту. **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-2)**<br><br>**№7 Д/О:** «Қысқы тіршілік»<br>**Мақсаты**: Қыстап қалатын құстардың жеке атауын ататып, оларды ажырата білуге үйрету.Сөздік қорын дамыту.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2)**<br><br>**№3 Д/О:** «Әдемі гүлдер»<br>**Мақсаты:** Әдемі гүлдердің суретін салуды, бедерлеп мүсіндеуді, жапсыру кезіндегі іскерлік дағдыларды еркін меңгеруге үйрету.<br>**(Шығармашылық дағдыларын дамыту-2)**<br><br>**№4 Д/О:** «Ажырат»<br>**Мақсаты**: Жыл мезгілдері бойынша киімдерді ажырата білуді үйренеді.<br>**(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** | **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-2)**<br><br>**№9 Д/О:** «Біздің көңіл - күйіміз»<br>**Мақсаты**: балаларды суреттегі бет- әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2)**<br><br>**№ 4 Д/О:** “Оюлы сырмақ»<br>**Мақсаты:** Балалардың ұлттық тұтынатын бұйымдар жайындағы түсініктерін жетілдіру.<br>**(Шығармашылық дағдыларын дамыту-2)**<br><br>**№5 Д/О:** «Кімге не керек?»<br>**Мақсаты**: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету<br>**(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2)** | машақтандыру.(отбасы суреті). кесінді суреттер **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-2)**<br><br>**№10 Д/О:** «Не артық?»<br>**Мақсаты**: балаларды суретке, оларды топтастыруға үйрету.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2)**<br><br>**№5 Д/О:** “Қандай пішін жетіспейді?”<br>**Мақсаты:** геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.<br>**(Шығармашылық дағдыларын дамыту-2)**<br><br>**№ 6 Д/О:** «Ертегі желісі бойынша бір ертегі кейіпкерлерін тап»<br>**Мақсаты**: Есте сақтау, еске түсірц қабілеттерін нығайту. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2)**<br><br>**№4 Қ/О**: **Ұйқыдағы аю**<br>**Ойын шарты** : Бұл ойынға топ балалары 2-ге бөлініп қатысады. Топ ішіндегі бір баланы аю | моторикаларың дамыту. **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-2)**<br><br>**№11 Д/О:** «Бұл не? »<br>**Мақсаты:** Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа үйретеді.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2)**<br><br>**№6 Д/О:** «Ненің ізі?» **Мақсаты:** балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.<br>**(Шығармашылық дағдыларын дамыту-2)**<br><br>**№7 Д/О:** “Үй жануарлары және олардың төлдері”<br>**Мақсаты**: Ойын арқылы | алуға үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-2)**<br><br>**№13 Д/О:** «Нан дастарханға қалай келеді?»<br>**Мақсаты:** Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2)**<br><br>**№7 Д/О:** «Аққала мен шыршаны құрастыр»<br>**Мақсаты:** Дөңгелек пішіннен аққаланы, ал ұшбұрыштан шыршаны құрастыруды үйрету.<br>**(Шығармашылық дағдыларын дамыту-2)**<br><br>**№8 Д/О:** «Сиқырлы қапшық»<br>**Мақсаты**: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>**(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2)**<br><br>**№5 Қ/О**: Допты қуып жет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **арқылы іске асыру-2**)<br><br>**№3 Қ/О**: **Түлкі мен балапандар**<br>**Мақсаты:** Шапшаңдық пен мұқияттылыққа тәрбиелеу (**Физикалық дағдыларын дамыту-2)** | | бетпердесін кигізіп орындыққа отырғызып қояды. (**Физикалық дағдыларын дамыту-2)** | танымдық,есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру-2**) | **Мақсаты:** балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға,тез жүгіругі,түсетерің көлемін ажырата білуге баулу.<br>**(Физикалық дағдыларын дамыту-2)** |
| **2-таңғы ас** | Ас ішерде күнде біз.<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз, білмейміз<br>(**Коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. (**коммуникациялық дағдыларды, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Картотека №15 | Картотека №16 | Картотека №17 | Картотека № 18 | Картотека №19 |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру.<br>Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету.<br>Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру.<br>Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау:<br>- қолды дұрыс жуу;<br>- өз орамалының орнын білу;<br>- қолды дұрыс сүрту;<br>- орамалды ілу. көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту.<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Сазбалшықтан үлкен кіші нан шелпектерін жасату. Аңдардың екіге бөлінген бөлшек карточкаларын үйлестіріп жапсыру **(мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>Ырғақты би музыкасын тыңдап қол қимылын жасап билеуін ұйымдастыру **(музыка)** | Үстел үсті құрылыс материалдарымен қуыршаққа шағын жиһаздар (үстел, кереует) құрастыру түрлі құрылыстарды жасату **(Құрастыру)**<br><br>Аңдардың екіге бөлінен бөлшек карточкаларын үйлестіріп жапсыру **(Жапсыру)** | Сазбалшықтан үлкен кіші нан шелпектерін жасату. **(Мүсіндеу)**<br><br>Үстел үсті құрылыс материалдарымен қуыршаққа шағын жиһаздар (үстел, кереует) құрастыру түрлі құрылыстарды жасату **(құрастыру)** | Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі бойыша қорабтарға жинау **(сенсорика)** | Аңдардың екіге бөлінген бөлшек карточкаларын үйлестіріп жапсыру **(жапсыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.<br>**(коммуникациялық дағдыларды дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **№9 Д\О:** «Болады болмайды»<br>**Мақсаты**: Әдептілік қарым-қатынас мәдениеті мен сыпайылық дағдыларын қалыптастыру.<br>**(Әлеуметтік эмонициналды дағдыларын дамыту-2)** | **№7 Д\о:** Зат неге ұқсайды?»<br>**Мақсаты:** Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту-2)** | **№8 Д\О:** «Қуыршақты киіндір»<br>**Мақсаты:** Қуыршақтың жетіспейтін киім-кешегін қиып жасауды, ретімен киіндіруді үйрету.Ұқыптылыққа, әсемпаздыққа тәрбиелеу<br>**(Шығармашылық дағдыларын дамыту- 2)** | **№8 Қ\О:** Кеглиді көзде<br>**Мақсаты:** Балаларды мергендікке,ептілікке,белгілі бір бағытты көздей білуге үйрету.<br>**(Физикалық дағдыларын дамыту)** | **№14 Д\О:** «Жануарларды қалай күту қажет?»<br>**Мақсаты:** Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамыту-2)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Үйде ойналатын ойындар ұсыну.<br>Апта бойы алған әсерлерін сұрау, әңгімелесу дағдысын қалыптастыруды үйде жалғастыруды ұсыну. | | | | |

Тексерген әдіскер: Байгазина А.М.